



Қазақстан Республикасы
Оқу-ағарту министрлігі
Техникалық және
кәсіби білім беру департаменті



Қазақстан Республикасы
Оқу-ағарту министрлігі
«Бөбек» ұлттық ғылыми- практикалық
білім беру және сауықтыру орталығы

Қазақ хандығының құрылғанына 560 жыл және
Ұлы Отан соғысы жеңісінің 80 жылдығына орай
техникалық және кәсіптік, орта білімнен кейінгі
білім беру ұйымдары білім алушылары арасында өтетін
**РЕСПУБЛИКАЛЫҚ БАЙҚАУ
ЕРЕЖЕСІ**

I. Жалпы ережелер

1.1. Қазақ хандығының құрылғанына 560 жыл және Ұлы отан соғысы жеңісінің 80 жылдығына орай, техникалық және кәсіптік, орта білімнен кейінгі білім беру (бұдан әрі - ТЖКОББ) ұйымдары білім алушылары арасындағы Республикалық байқау өткізу туралы осы Ереже (бұдан әрі-Ереже) атаулы күндер бойынша Республикалық байқауды (бұдан әрі-Байқау) ұйымдастыру және өткізу тәртібін, байқаудың мәртебесін, мақсаттары мен міндеттерін, жұмыстарды іріктеу критерийлерін, қатысушылардың құрамын, жеңімпаздарды марапаттау тәртібін айқындайды.

1.2. Байқауды ұйымдастырушы «Бөбек» Ұлттық ғылыми-практикалық білім беру және сауықтыру орталығының (бұдан әрі – «Бөбек» ҰҒПББСО), «Бөбек» колледжі болып табылады.

1.3. Байқау мәртебесі – республикалық.

1.4. Байқау тілдері: мемлекеттік, орыс.

II. Байқаудың негізгі мақсаттары мен міндеттері

2.1. Атаулы жылдар аясындағы Байқау - білім алушылардың теориялық білімі мен практикалық дағдыларын жетілдіру, өз бетімен жұмыс жасау, зерттеу қабілеттерін дамыту және дарынды білім алушыларды қолдау мақсатында өткізіледі.

2.2. Байқау міндеттері:

- білім алушылардың ұлттық құндылықтар, патриотизм призмасы арқылы тарих пәніне деген қызығушылығын қалыптастырып, шығармашылық бастамаларын дамыту;
- жас ұрпақтың тарихи оқиғаларды зерттеуге деген қызығушылығын арттыру;
- білім алушыларды рухани ізденіске, өзін-өзі жетілдіруге, жобалық және зерттеу қызметіне ынталандыру үшін жағдай жасау.

III. Байқау қатысушылары

Байқау қатысушылары болып тарих пәнін оқытуда жетістікке жеткен және қызықты шығармашылық жұмыстар мен жобалардың авторлары болып табылатын ТЖКОББ ұйымдарының білім алушылары табылады.

IV. Байқауды ұйымдастыру және өткізу тәртібі

4.1. Байқауды өткізу үшін ұйымдастыру комитеті (бұдан әрі - Ұйымдастыру комитеті) құрылады, оның құрамын «Бөбек» ҰҒПББСО анықтайды.

Ұйымдастыру комитеті:

- байқаудың барлық кезеңдерін өткізуді қамтамасыз етеді;
- байқау кезеңдерін өткізу мерзімін анықтайды;
- байқауға қатысушылардың өтінімдері мен материалдарын қабылдайды;
- байқау кезеңдерінің нәтижелерін талдайды және қорытынды шығарады;
- сараптамалық комиссияның шешімі негізінде жеңімпаздар мен жүлдегерлерді анықтайды;
- байқаудың қорытындысын бұқаралық ақпарат құралдарында, WWW.BOBEEK.KZ порталында жариялайды.

Байқаудың сараптамалық комиссиясы қатысушылардың жұмыстарын тексереді және бағалайды, ең мазмұнды және қызықты бейнероликті анықтайды.

4.2. Байқау онлайн форматында өткізіледі.

4.3. **Байқауды өткізу мерзімі.**

Байқауды өткізу мерзімі - 2025 жыл 30 наурыз-30 сәуір.

4.4. Байқау 2 кезеңнен тұрады.

I кезең – қатысушы Қазақ хандығының құрылғанына 560 жыл және Ұлы Отан соғысы Жеңісінің 80 жылдығы **атаулы күндеріне орай** (хандықтың құрылу тарихы, хандардың тарихи рөлі, ҰОС соғыс ардагерлері т.б., өз өлкесінің тұлғасы туралы ақпараттар, тарихы, маңызды оқиғалары ерекше бағаланады) **5 минуттан аспайтын бейнеролик** (бейнероликке белсенді сілтеме) өтініммен бірге e-mail konkursbobek@mail.ru поштасына, **2025 жылдың 25 сәуірі сағат 12.00** дейін ұсынады. Көрсетілген уақыттан кейін Ұйымдастыру комитетіне келіп түскен жұмыстар байқауға қатысуға жіберілмейді.

Бейнероликті білім алушылар жеке немесе ұжымдық (3 адамнан аспайтын) түрде ұсына алады. Конкурса тақырыпқа сәйкес келмейтін, басқа адамдардың қадір-қасиетін және сезімдерін қорлайтын жарнамалық сипаттағы роликтер қабылданбайды.

Конкурстық комиссияның жұмыс мерзімі-**2025 жылғы 1 сәуірінен бастап 25 сәуірге дейін.**

Бірінші кезеңнің қорытындысы бойынша ең көп ұпай жинаған қатысушылар II кезеңге өтеді. II кезеңге өткен қатысушылардың тізімі WWW.BOBEEK.KZ порталында жарияланады.

II кезең мерзімі - 2025 жыл 30 сәуір. II кезең қатысушылары онлайн форматта өз бейнеролигін (5 минуттан артық емес) қорғайды. 2-кезеңнің қатысушылары байқау бейнеролигін қорғау алдында қатысушылар мен қазылар алқасы таныстырылады, сондай-ақ қатысушылардың байқау қорғау тәртібін айқындайтын жеребе тастау жүргізіледі.

V. Байқаудың критерийлері мен талаптары.

5.2. **Бейнероликтің бағалау критерийлері.**

- бейнеролик жанры (репортаж, бейнеклип, бейнеролик, шолу т.б.);
- ақпараттық экранды безендіру (бейнероликті монтаждау және түсіру кезінде арнайы бағдарламалар мен құралдарды пайдаланудың әртүрлілігі);
- бейнероликтің дыбысталуы бірінші тұлғадан (конкурса қатысушыдан), сондай-ақ тарихи тұлғамен бейнеленеді;
- бейнероликті монтаждауда арнайы бағдарламалар, құралдар, суреттер, бейне фрагменттер, арнайы эффектілер, сыртқы тыңдаулар бар;

**Техникалық және кәсіптік білім беру ұйымдары
білім алушылары арасындағы Республикалық Олимпиадаға
ҚАТЫСУ ӨТІНІМІ**

№	Негізгі параметрлер	Параметрлерді толық жазу
1.	Білім алушылардың Т.А.Ә (толық), курс, байланыс телефоны	
2.	Білім беру ұйымының атауы	
3.	Білім беру ұйымының мекен-жайы (облыс, қала, аудан)	
4.	Ғылыми жетекшінің аты-жөні, лауазымы (толығымен)	
5.	Ғылыми жетекшінің электрондық мекен-жайы	
6.	Байланыс телефоны	
7.	Бейнероликтің (жобаның) атауы, қысқаша сипаттамасы	
8.	Бейнероликке сілтеме (белсенді және қол жетімді болуы керек)	